

Жекеменшік денсаулық сақтау ұйымдары үшін лизинг шарттары мен пайыздық мөлшерлемелер:

1) «Дамыту» тарифтік бағдарламасы:

Сыйақы мөлшерлемесі	18 %
Бастапқы жарна	
30 %	«Дамыту»

2) «Дамыту» тарифтік бағдарламасының жалпы шарттары:

Бастапқы жарна	30 %
Лизинг мерзімі	37 ай.
Медициналық техниканың құны	5 млн.теңгеден 200 млн. теңгеге дейін.
Сыйақы мөлшерлемесі, % жылдық	18 %
Пайыздарды есептеу тәсілі	Аннуитетті.
Лизинг төлемдерінің кезеңділігі	Ай сайын / тоқсан сайын / жыл сайын.
Лизинг төлемдерін төлеудің қаржыландыру көзі	Меншікті қаражат.
Сервис	Кепілді сервистік қызмет көрсету қаржы лизингі шартының қолданылу мерзімі бойы жүзеге асырылады.
Лизинг нысанасын сақтандыру	Мүліктік тәуекелдер лизинг шартының қолданылу мерзімі бойы лизинг нысанасының қалдық құнына жыл сайын сақтандырылады.
Лизингті ішінара және/немесе мерзімінен бұрын өтеу	Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шарттың қаржы лизингі мәртебесін жоғалтуына байланысты туындайтын лизинг берушінің барлық шығындары мен міндеттемелерін лизинг алушы толық өтеген жағдайда, қаржы лизингі шарты бойынша медициналық техниканы жеткізу күнінен бастап 25 ай өткеннен кейін ішінара және (немесе) мерзімінен бұрын өтеуге жол беріледі.
Қосымша шарттар	Лизинг келесі шарттарда беріледі: 1) қолданыстағы бизнестің мерзімі кемінде 24 ай; 2) қолданыстағы бизнестің мерзімі 12 айдан 24 айға дейін болған жағдайда, лизинг алушы лизинг шарты бойынша есептелген лизинг төлемдердің жалпы сомасына қосымша

	қамтамасыз етудің бір түрін: қосымша кепіл, кепілдік немесе қаржылық тәуекелдерді сақтандыруды ұсынуы қажет.
Кепілдік қамтамасыз ету	Қаржы лизингі шарты бойынша лизинг алушының міндеттемелерін орындауының негізгі кепілі лизинг нысанасы болып табылады. Лизинг нысанасы міндеттемелерді орындауды қамтамасыз етудің жалғыз нысаны ретінде жеткіліксіз болған жағдайда, сондай-ақ лизинг алушының қаржылық жағдайын және жобаның тәуекел деңгейін ескере отырып, Қоғам қосымша қамтамасыз етуді ұсынуды талап етуге құқылы. Қосымша қамтамасыз ету мүлікті кепілге қою, кепілдік, кепілгерлік, қаржылық тәуекелдерді сақтандыру нысанында немесе Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген өзге де нысанда ұсынылуы мүмкін.